

ӨОЖ 81.811.1

ГТАХР 16.31.02

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.4.79.024>

СИГНАЛ ЗАТ ЕСІМДЕР: АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ КОРПУСЫ НЕГІЗІНДЕ ЗЕРТТЕУ

*Сәрсекке Г.Ә.¹

*¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада сигнал сөздер, соның ішінде сигнал зат есімдер қарастырылады. Сигнал беру қызметін басқа да сөз таптары атқарады, дегенмен академиялық дискурста бұл қызметте зат есімдердің көбірек жұмсалады. Сол себепті зерттеу нысанына сигнал зат есімдер іріктелді.

Зерттеудің мақсаты – қазақ тілді академиялық дискурста кездесетін сигнал зат есімдерді анықтап, олардың жұмсалыу жиіліктерін және коллокацияларын анықтау арқылы функционалдық ерекшеліктерін ашу. Сигнал сөздер, оның ішінде сигнал зат есімдер қазақ тіл білімінде жеке зерттелмеген. Біздің зерттеуіміздің маңыздылығы сонда, ол аталған құбылысты қазақ тіліндегі жазбаша академиялық мәтіндерден түзілген корпуста сүйене отырып жүргізілген алғашқы зерттеу болуында.

Зерттеу корпуста негізделген зерттеу әдісімен жүргізілді. Бұл әдіс сигнал зат есімдердің қолданылу жиіліктері мен коллокацияларын анықтауда, сондай-ақ оларға сандық және сапалық талдаулар жасауда тиімді болды. Зерттеуде AntConc корпуста бағдарламалық жасақтамасы қолданылды.

Зерттеуде сигнал зат есімдердің мәтін ішіндегі логикалық байланыс пен құрылымдық бірлікті қалыптастыруда маңызды рөл атқаратыны айқындалды. Академиялық корпуста негізінде сигнал зат есімдердің кездесу жиіліктері, семантикалық және функционалдық ерекшеліктері және академиялық дискурсты ұйымдастырудағы қызметтері талданды. Зерттеуде сигнал зат есімдердің коллокациялары анықталды және олар корпустан алынған мәтін мысалдарымен көрсетілді. Зерттеу нәтижесінде сигнал зат есімдердің академиялық дискурста сөйлемдер арасындағы семантикалық тұтастық пен мәтіннің когезиясын жасауда маңызды лексикалық құрал болып табылатыны дәлелденді.

Зерттеудің теориялық маңызы корпуста сүйеніп жүргізілген эмпирикалық зерттеу болып табылуында. Бұл нақты табиғи тілдің материалдарына сүйеніп тіл элементтерінің функционалдық ерекшеліктерін ашуда маңызды болып табылады. Зерттеудің теориялық және практикалық нәтижелерін академиялық дискурсты зерттеуде, академиялық тілді оқыту мен меңгеруде пайдалануға болады.

Тірек сөздер: сигнал сөз, сигнал зат есім, жиілік, коллокация, академиялық корпуста, академиялық дискурс, когезия, корпуста лингвистикасы

Кіріспе

Қазіргі таңда академиялық дискурс құрылымын зерттеу тіл білімінің маңызды бағыттарының біріне айналды. Біз зерттейтін сигнал сөздер сол академиялық дискурс құрылымын зерттеуде ерекше назар аударатын, жеке зерттеуді қажет ететін бірліктердің қатарынан. *Сигнал сөздер* – мәтін тұтастығы мен логикалық байланысты орнатуда ерекше маңызға ие лексикалық құралдардың бірі. Бұл сөздер мәтінде жаңа ақпаратты енгізу, бұрын айтылған ойды нақтылау, мазмұнды жүйелеу сияқты қызметтер атқара отырып, жалпы ғылыми стильдің ішкі логикасын ұйымдастырады. *Сигнал* сөзі ағылшын тілінде *белгі, көрсеткіш, мәселенің бар екенін білдіретін хабар* деген мағынада қолданылады. Демек сигнал сөздер, соның ішінде біз зерттеу нысанына алған сигнал зат есімдер – мәтіндегі белгілі бір ақпараттың типі, құрылымдық ауысуы немесе логикалық байланысы жайлы оқырманға белгі беретін тілдік бірліктер. Яғни, мұндай зат есімдер автордың жаңа ойды бастайтынын, маңызды пікір немесе дәлел келтіретінін, қорытынды жасап жатқанын, мәселе көтеріп отырғанын *белгілейтін, сигнал беретін* тілдік көрсеткіштер ретінде қызмет етеді. Сигналдық қызметті абстракт зат есімдермен қатар, етістіктер, сын есімдер және үстеулер де атқара алады. Біз зерттеуімізде тек зат есімдерді ғана зерттеу нысанына алдық. Мұның себебі академиялық дискурста етістіктер, сын есімдер және үстеулерге қарағанда зат есімдер сигналдық қызметте жиі қолданылады.

Жалпы тіл білімінде мұндай зат есімдер әртүрлі терминдермен аталып, әртүрлі лингвистикалық тақырыптар аясында зерттеліп келді. Термин атауы мәселесіне келсек, зат есімдердің бұл тобын атауда жұмсалған терминдер әр алуан. Ағылшын тіліндегі кейбір зерттеулерде *general nouns* [1], *type 3 vocabulary* [2], *anaphoric nouns* [3], *advance labels* [4], *carrier nouns* [5] және *signal nouns* [6] деп берілсе, орыс тіліндегі кейбір зерттеулерде *непредметные существительные* [7] деген атауды қолданған. Бұл атаулардың әрқайсысы сигнал зат есімдердің контексте нақты мағынаға ие болуы, мәтін құрылымында бағыттаушы белгі ретінде қызмет етуі, логикалық не прагматикалық байланыс орнатуы сияқты қызметтеріне негізделіп берілген. Біз өз зерттеуімізде мұндай зат есімдерді сигнал зат есімдер деп атауды жөн санадық. Бұл терминмен атау себебіміз ағылшын тілді ғылыми зерттеулерде кеңінен жұмсалатын *сигнал зат есімдер* термині қазақ тілінің деректері негізінде аталған санаттың қызметін тануға ортақ термин болсын деген мақсат болды. Әрине, терминнің қазақ тілді ұлттық терминмен аталғанын қалаймыз және оның болашақта ұтымды баламасын ойластырамыз.

Ағылшын тіл білімінде «сигнал зат есімдер» ұғымы алғашында когезия (мәтінішілік байланыс) және дискурс маркерлері мәселелерімен тығыз байланысты қарастырыла бастаған. Кейінгі зерттеулерде олар мәтін мазмұнының құрылымдық желісін құрайтын когезиялық құрал ретінде көбірек сипатталады. Мұндай зат есімдер нақты мағынаны емес, жалпылық

мағынаны білдіріп, басым жағдайда референттік және құрылымдық қызметтерде көрінеді. Когезия құбылысы М. Халлидей мен Р. Хасанның 1976 жылғы «Ағылшын тіліндегі когезия» еңбегінде жан-жақты талданған [1]. Авторлар когезияны «мәтіннің әртүрлі бөліктері арасындағы сабақтастық құбылысы» деп қарастырады [1, 5 б.]. Осы еңбекте авторлар когезияны екі санатқа жіктейді: грамматикалық және лексикалық. Біз қарастыратын сигнал сөздерді лексикалық когезия аясында *жалпы зат есімдер* деген терминмен көрсетеді. Сөйлем мен кейінгі сөйлем арасындағы анафоралық байланыстар лексикалық когезияны жасайды. Осы когезияда жалпы зат есімдерді (ғалымдар пайдаланған термин) негізгі зат есімдер тобы (мысалы, адам есімі, факт есім, орын есімі) ішінде жалпылама сілтемесі бар зат есімдердің шағын жиынтығы ретінде сипаттайды [1, 275 б.]. Оған, мысалы, ағылшын тіліндегі *person, man, child, thing, business, move, place, question, idea* сияқты зат есімдерді жатқызады. М. Халлидей мен Р. Хасанның бұл еңбегі мағыналары контекске сілтеме берумен анықталатын жалпы зат есімдерге (сигнал зат есімдерге) алғаш назар аударып, ғылыми тұрғыдан бұл тақырыптағы зерттеуді бастап беруімен құнды. Сонымен сигнал зат есімдер дегеніміз не?

Сигнал зат есімдер деп мағыналары контекст арқылы ашылатын абстракт зат есімдер аталады. Мысалы, оған *мәселе, себеп, әдіс, қызмет, жағдай, сұрақ, тәсіл, факт, фактор, проблема, идея, қағидат, аргумент* сияқты тағы басқа зат есімдер жатады. Дж. Флауэрдью мен Р. Форест «Ағылшын тіліндегі сигнал зат есімдер» еңбегінде сигнал зат есімдерді былайша анықтайды: «сигнал зат есімдер – жеке тұрғанда мағынасы жалпылама болатын, нақты мағынасы тілдік контекст арқылы ашылатын абстракт сөздер» [6, 21 б.]. Осы еңбекте автор өзіне дейінгі жасалған зерттеулерді талдай келе, әр зерттеушінің абстракт зат есімдерді сигнал зат есімдер санатына жатқызуда әртүрлі ерекшеліктерді негізге алғанын көрсетеді. Мысалы, Э.О. Винтер логикалық немесе когезиялық қатынасты білдіретін зат есімдерге басымдық береді (*проблема, факт*, т.б.); Г. Фрэнсис ойлау немесе сөйлеу әрекетін білдіретін сөздерді басты деп санайды (*идея, аргумент*, т.б.); Х. Шмидт мағынасы балама сөздермен оңай берілмейтін абстракт зат есімдерді маңызды деп есептейді (*тұжырымдама, факт, сұрақ, принцип, мәселе* т.б.) [6, 31 б.]. Дж. Флауэрдью академиялық мәтіндердегі сигнал зат есімдердің қызметі мен дискурстық ерекшеліктерін корпусқа негізделген әдіспен зерттейді [6; 8; 9]. Біз өз зерттеуімізде қазақ тіліндегі сигнал зат есімдердің қызметін академиялық мәтіндер негізінде ашуды мақсат еткендіктен, аталған ғалымның зерттеулеріне көбірек сілтеме жасайтын боламыз.

Сигнал зат есімдер академиялық дискурста маңызды лингвистикалық стратегия ретінде танылып, мәтін құрылымын ұйымдастыруда, ақпарат ағымын реттеуде және авторлық ұстанымды жеткізуде негізгі рөл атқарады. Олар тек ақпаратты білдіріп қана қоймай, мәтін құрылымын ұйымдастырушы

когезиялық құрал ретінде қолданылады. Бұл зат есімдердің негізгі қызметтері – мазмұнды жинақтап көрсету, алдыңғы немесе кейінгі ақпаратқа сілтеме жасау және идеялардың логикалық байланысын қамтамасыз ету. Сигнал зат есімдердің қызметтерін былайша көрсетуге болады:

Бірінші, ақпаратты құрылымдау қызметі. Бұл қызметте сигнал зат есімдер жаңа ақпаратты енгізу немесе бұрын айтылған ойды қорытындылау мақсатында қолданылады. Олар сөйлемдер арасындағы мағыналық көпір ретінде қызмет етіп, мәтіннің ішкі логикасын сақтауға мүмкіндік береді. М. Халлидей мен Р. Хасанның еңбегінде мұндай сөздер *лексикалық когезия* элементтері ретінде қарастырылған. Оларды мәтіннің байланыстылығын қамтамасыз ететін құралдар қатарына қосқан.

Екінші, референттік (сілтеу) қызметі. Бұл қызметті сигнал зат есімдер есімдіктермен бірге атқарады. Сигнал зат есімдер нақты бір атауды емес, жалпы ұғымды білдіретіндіктен, олар көбінесе *осы, осындай, бұл* сияқты сілтеу есімдіктерімен қатар қолданылады. Бұл олардың референттік (сілтеу) қызметін күшейтеді.

Үшінші, ақпаратты жинақтау қызметі. Сөйлемде айтылған ойды жинақтап, оқырманға түсінікті болуы үшін сигнал зат есімдер жиі қолданылады. Дж. Флауэрдью мұндай сөздердің оқырман назары мен мәтін фокусын белгілі бір мазмұнға аударуға көмектесетінін атап өткен. Бұл, әсіресе, академиялық аргументтер беруде, пікір білдіруде және талдауда аса маңызды.

Мәтінішілік байланыс пен авторлық ұстанымды жеткізудің маңызды құралы ретінде сигнал зат есімдер жалпы тіл білімінде кеңінен зерттелсе де, қазақ тіл білімінде бұл зерттелмеген тақырып болып тұр. Сигнал зат есімдердің қазақ ғылыми тіліндегі көрінісін талдау арқылы қазақ ғылыми стилінің құрылымдық ерекшеліктерін айқындауға, авторлық көзқарас пен ғылыми ой желісін білдіру тәсілдерін анықтауға болады. Біздің зерттеуіміздің мақсаты – сигнал зат есімдердің академиялық мәтіндердегі қызметтерін анықтап, олардың көмегімен ғылыми ақпараттық құрылымның қалай жасалатынын көрсету.

Сигнал зат есімдер ағылшын тіл білімінде арнайы зерттеліп, олардың академиялық дискурста маңызды рөл атқаратыны кеңінен қарастырылған. Алайда қазақ тіліндегі сигнал зат есімдердің семантикалық, синтаксистік және прагматикалық ерекшеліктері арнайы жеке қарастырылмаған. Бұл қазақ тіл білімінде мәтін лингвистикасы, когнитивтік лингвистика және дискурс теориясының тоғысуында тұрған тың әрі перспективалы зерттеу бағыты болады. Сондай-ақ қазақ тілінің академиялық дискурсын жүйелеу мен дамыту мәселесі тілдік нормаларды жетілдірумен қатар, ұлттық ғылыми ойлау жүйесін тануға жол ашады. Осы тұрғыдан алғанда сигнал зат есімдердің қолданысын академиялық корпус деректері негізінде зерттеу өзекті және ол қазіргі лингвистикадағы сандық тәсілдер мен сапалық әдістерді ұштастыратын кешенді жұмыс болмақ.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу жұмысында корпусқа негізделген талдау әдісі қолданылды. Корпус деректері нақты, эмпирикалық тілдік материалға негізделгендіктен, зерттеу нәтижелері абстракт пайымдауларға емес, нақты деректерге сүйенеді. Корпусқа негізделген талдау әдісінің негізгі артықшылықтары оның объективтілігі, яғни корпус деректері арқылы эмпирикалық нақты нәтижелер алуға болады және үлкен көлемді деректер жиынтығын талдауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің негізгі дереккөзі ретінде өзіміз түзген Академиялық жазбаша қазақ тілінің корпусы алынды. Бұл корпус – қазақ тіліндегі академиялық жазбаша мәтіндердің электронды жиынтығы. Корпус ғылыми мақалалар, диссертациялар, баяндамалар, оқулықтар мен оқу құралдары, монография сияқты академиялық мәтін түрлерін қамтиды. Корпустағы деректерді талдау үшін *AntConc* бағдарламалық жасақтамасы қолданылды. Зерттеу деректеріне Академиялық жазбаша қазақ тілінің корпусынан Философия, Шығыстану, Теология және Археология пәндерінен әрқайсынан 100-ден, жалпы саны 400 академиялық мәтін алынды. Жалпы токен саны – 2 239 113.

Лексикалық сигнал қызметін атқарып тұрған зат есімдерді анықтау бірнеше сатылардан тұрды. Бірінші, іріктелген 400 академиялық мәтіннен *AntConc* бағдарламасының сөз жиілігі құралы арқылы ең жиі кездесетін сигнал зат есімдер анықталды. Келесі сатыда, контекстегі кілт сөз (KWIC) құралы арқылы анықталған сөздердің мәтін ішіндегі нақты қолданыстары мен контекстері талданды. Келесіде, коллокация құралы арқылы сигнал сөздермен ең жиі тіркесетін сөздер тобы анықталды. Сигнал сөздермен ең жиі тіркесетін сөздерді анықтау олардың мәтіндегі мағыналық және құрылымдық қызметін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл талдау арқылы сигнал зат есімдердің қандай лексемалармен жиі байланысатыны, қандай дискурстық контексте қолданылатыны, әрі академиялық мәтін байланысын құрудағы орны нақты көрінеді.

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеу барысында Академиялық қазақ тілі корпусында ең жиі қолданылатын сигнал зат есімдер қатарынан **мәселе**, **идея**, **факт**, **себеп** және **нәтиже** сөздері іріктеліп алынды. Іріктеу нәтижесін төмендегі кестеден көруге болады:

Кесте 1. Сигнал зат есімдердің кездесу жиілігі

Сигнал сөз	Жиілігі (рет)
Мәселе	824
Идея	389
Себеп	363
Нәтиже	90
Факт	57

Келесі сатыда әрбір сигнал зат есімнің сол және оң жақ контексінде жиі кездесетін сөздер анықталды. Мұндай тіркесімдер сөздердің семантикалық өрісін, мәтіндегі қызметін және құрылымдық рөлін көрсетеді. Коллокация деректері негізінде *мәселе* сөзімен өте жиі кездесіп, онымен сөз тіркесін құрайтын 10 сөз анықталды:

	Collocate	Rank	FreqLR	FreqL	FreqR	Range	Likelihood	Effect
1	өзекті	1	39	35	4	23	157.934	4.282
2	бұл	2	170	143	27	62	154.693	1.624
3	басты	3	57	50	7	32	153.856	3.230
4	күрделі	4	36	33	3	26	113.103	3.583
5	туралы	5	80	61	19	35	94.303	1.903
6	маңызды	6	51	45	6	29	82.665	2.319
7	емес	7	74	17	57	30	66.035	1.611
8	болып	8	72	18	54	32	50.430	1.398
9	мәселе	9	22	11	11	9	50.400	2.899
10	өткір	10	11	5	6	9	46.600	4.426

Сурет 1 – *Мәселе* сигнал сөзінің коллокаттары

Зерттеу нәтижесі *мәселе* сигнал зат есімінің көбінесе бағалауыштық сипаттағы сын есімдермен (*өзекті, басты, күрделі*) тіркесіп, тақырыпты танытушы лексикалық сигнал қызметін атқаратынын көрсетеді. Яғни, мұндай тіркестер оқырманға ғылыми мәтіннің мазмұндық өзегін, негізгі тартысты немесе мәселені көрсету үшін қолданылады. Сондай-ақ зерттеу нәтижесінде *мәселе* сигнал сөзімен ең жиі тіркес құрайтын сөз – *бұл* есімдігі екені анықталды. Сигнал зат есімдер *бұл, осындай, осы* есімдіктерімен қатарласа келіп, ойды жалпылап, алдыңғы контекске сілтеме жасай жұмсалады.

Сигнал зат есімдер өзінен алдыңғы контекске – мәтін бөлігіне (1) және өзінен кейінгі контекске – мәтін бөлігіне (2) сілтеме жасай жұмсалады. Бірінші жұмсалысы – анафоралық, екіншісі катафоралық деп аталады. Корпуста алынған мысалдармен көрсетсек:

(1) *Қазақстанның кейінгі қола дәуірі үшін әлі толықтай сипаттама жасалмаған. Ең басты мәселелердің қатарына олардың жаратылыстану ғылымдарының әдістері негізінде жасалған нақты мерзімдемелік кестесінің болмауы үлкен кедергі келтіруде. Бұл мәселе тек қана кейінгі қола дәуірінің жәдігерлеріне тән қасиет емес.*

(2) *Тәуелсіздік алған кезеңнен бері осы олқылықтың орнын толтыру бағытында көптеген жұмыстар атқарылғаны белгілі. Мәселе, ұлттық болмыстың бір маңызды қыры философиялық даналықта жатқандығын мойындауда болатын.*

Бұл екі мысалда сигнал зат есімдер сөйлемдер аралығында жұмсалған. Мұндай катафорлық және анафоралық қолданыстар сигнал зат есімдердің

дискурстарда жиі кездесетін түрлері болып табылады. Бұлардан басқа сигнал зат есімдердің бір сөйлем ішінде келетін түрлері және экзофоралық түрлері де бар. Осылайша, мәселе сигнал сөзі тек лексикалық мағынасы арқылы емес, коллокациялық тіркестері арқылы да ғылыми мәтіндегі логикалық құрылым мен мағыналық бағытты көрсетуде маңызды рөл атқарады.

Келесі, *идея* сигнал сөзінің коллокациясына назар аударсақ:

1	Collocate	Rank	Freq(Scale	FreqLR	FreqL	FreqR	Range	Likelihood
2	ұлттық	1	44670	125	100	25	19	470.442
3	идея	3	3890	20	10	10	9	98.070
4	абсолютті	4	970	10	7	3	4	62.648
5	туралы	5	59760	40	33	7	20	50.487
6	идеология	6	1880	9	1	8	5	42.863
7	елдік	7	780	7	6	1	1	41.932
8	материя	8	1470	8	5	3	4	40.088
9	рух	9	4520	11	4	7	6	38.234
10	жалпыұлт	17	360	4	3	1	3	25.646
11	біріктіруш	19	1070	5	4	1	2	23.575

Сурет 2 – *Идея* сигнал сөзінің коллокаттары

Зерттеу нәтижесі *идея* сигнал сөзінің академиялық мәтіндерде мынадай лексикалық қызметтерді атқаратынын көрсетті:

- бағалауыштық: *ұлттық идея, абсолюттік идея, негізгі идея* тіркестері арқылы идеяның маңыздылығы мен дәрежесі сипатталады. Бұл тіркестер тақырыптың өзекті, маңызды екенін белгілейді. Мысалы: *Егер онтологиялық мәселеге қатысты Құран идеяларын жаңғыртуға аталпынсақ, олар үш негізгі идеяға келіп тіреледі: 1) Алла – жалғыз жаратушы және болмыстың себебі; 2) дүние – Құдай жаратуының нәтижесі; 3) адамды да Құдай жаратқан, бірақ Құдайдың басқа туындыларымен салыстырғанда, оның өмірінің ерекше мақсаты бар. Бұл идеялар Құранның барлық мазмұнын қамтып жатыр, олар Мединалық кезеңге де, Меккелік кезеңге де тән және Құран мәтінінің барлық жерлерінде кездеседі.*

- сілтеу: бұл есімдігімен қатар келіп, алдыңғы контекске сілтеу арқылы мәтін ішінде сөйлемдер арасындағы логикалық байланысты орнатады. Мысалы: *1) Қазіргі зерттеулерде «Қазақстан – жалпы біздің үйіміз» деген қоғамдық ой негізі орын алуда. Дегенмен бұл идея өткен қоғамдағы ұрандарға ұқсас, негізінен саяси мәнге ие болып тұрған сияқты.*

- ақпаратты жинақтау: *идея туралы, деген идея* тіркестер алдыңғы ойды жинақтап, контекске енгізеді. Мысалы: *Мұнда жаңа жазуды үйренуші тұлғаларда тек жаңа білім ғана емес, осыған дейін де игерген білімдері бар және оларды тірек ету керек деген идея алынады.*

Сонымен, *идея* сигнал сөзі академиялық мәтінде авторлық көзқарасты, теориялық тұжырымды білдірумен қатар, оқырманға автордың ой бағытын бағдарлау, ақпаратты құрылымдау, жинақтау қызметтерін атқарады.

Сигнал зат есімдер: академиялық қазақ тілінің корпусы негізінде зерттеу

Академиялық мәтіндерде факт сигнал сөзі логикалық дәлелдеу, нақтылау және аргументтеудің құралы ретінде жиі қолданылады. Біздің зерттеуімізден алынған коллокация талдаулары (Сурет 3) осы қызметтерді айқындай түседі.

1	Collocate	Rank	Freq(Scale	FreqLR	FreqL	FreqR	Range	Likelihood	Effect
2	оқиға	1	1160	6	6	0	1	52.238	7.705
3	шежіредегі	8	820	3	3	0	1	24.033	7.205
4	семейдегі	10	110	2	0	2	2	22.440	9.518
5	бұл	14	154110	15	12	3	7	18.893	1.973
6	онтологиялық	19	2380	3	3	0	1	17.709	5.668
7	дәлелденген	20	660	2	2	0	2	15.269	6.933
8	назарын	21	730	2	2	0	2	14.869	6.788
9	психологиялық	22	10	1	1	0	1	14.711	11.978
10	екіншіден	35	4000	3	0	3	3	14.673	4.919

Сурет 3 – Факт сигнал сөзінің коллокаттары

Алынған нәтижелерден *факт* сигнал сөзінің *бұл факт, дәлелденген факт* тіркестері арқылы аргументті беру қызметін атқарып тұрғанын байқаймыз. Сондай-ақ *бұл факт* тіркесі мәтін ішінде немесе сөйлемдер арасында логикалық тұтастықты орнатып, анафоралық қызметте көрінеді. Мысалы: *Сөйтіп жаңа эффект ашылады: бос кеңістікте электромагниттік сәулеленудің (толқын) болуы және оның кеңістікте жарық жылдамдығымен сәйкестенуі Максвелді үлкен ашылымға әкелді – жарық электромагниттік толқын боп табылады. Бұл факт электромагниттік және оптикалық құбылыстардың бірлігін көрсетеді. Ахеменидтер патшалары Дарий мен оның алдындағы II Кирдің сақтар мен массагеттерге қарсы жорығы тарихи тұрғыдан дәлелденген факт болып табылады.*

Себеп сигнал сөзінің академиялық мәтіндердегі сигналдық қызметті атқару жиілігі мен тіркесімділік ерекшеліктері бойынша төмендегідей нәтижелер алынды:

	Collocate	Rank	FreqLR	FreqL	FreqR	Range	Likelihood	Effect
1	оған	1	28	24	4	12	75.184	3.219
2	басты	2	22	20	2	18	54.125	3.038
3	бірінші	3	18	10	8	6	46.907	3.157
4	себеп	3	20	10	10	4	103.450	5.125
5	әсер	5	9	8	1	3	17.956	2.650
6	болуы	6	19	7	12	15	30.628	2.312
7	болуына	6	7	7	0	6	23.126	3.713
8	бұған	6	7	7	0	7	20.221	3.386
9	болады	9	28	6	22	19	23.644	1.560
10	шығуына	10	5	5	0	5	30.578	5.821

Сурет 4 – Себеп сигнал сөзінің коллокаттары

Себеп сөзі академиялық дискурста байланыстырушы, түсіндіруші және логикалық реттілікті орнатушы қызметтерінде көрінді. Мысалы: Оған себеп флюидтер қозғалысы деген қорытынды шығарды. Оған басты себеп әлемдегі ұлттардың мәдени ерекшелігін бір арнаға тоғыстырып, ортақ құндылықтарға алып келетін жаһандық үдеріс болатын.

Бұл мысалдарда себеп сөзі эксплицитті логикалық байланысты көрсетіп, аргументтік құрылым қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ оған, бұған сияқты сілтеу есімдіктерімен тіркесіп, мәтін ішіндегі референттік тұтастықты қамтамасыз етеді.

Корпус деректеріне негізделген талдау *нәтиже* сигнал сөзінің академиялық дискурста ақпаратты қорытындылау, логикалық түйін жасау және дәлел-байланыс білдіруші қызметтерінде көрінетінін нақты көрсетті.

	Collocate	Rank	FreqLR	FreqL	FreqR	Range	Likelihood	Effect
1	тиімді	1	8	8	0	6	43.167	5.291
2	әлдеқайда	2	7	7	0	3	49.998	6.572
3	қарағанда	3	6	6	0	2	24.001	4.247
4	нақты	4	6	5	1	6	15.560	3.146
5	теориялық	4	5	5	0	1	16.669	3.735
6	әсерге	4	5	5	0	1	57.023	9.641
7	ұтымды	4	5	5	0	1	36.333	6.664
8	оң	8	4	4	0	4	16.324	4.310
9	еш	8	4	4	0	3	19.488	4.905
10	қадамдарымен	10	2	2	0	2	22.439	9.512

Сурет 5 – Нәтиже сигнал сөзінің коллокаттары

Нәтиже сөзі академиялық дискурста мынадай қызметтер атқарады:

- сипаттау және бағалау: *тиімді нәтиже, ұтымды нәтиже, нақты нәтиже, құнды нәтиже* т.б.

- салыстыру: *әлдеқайда жақсы нәтиже, қарағанда нәтиже*, т.б.

Мысалы: *Зерттеу жұмысын жүргізу барысында герменевтикалық, компаративистикалық, салыстырмалы, индукция және дедукция, талдау, түйіндеу әдістері қолданылды. Аталған әдістер кешені арқылы зерттеу жұмысы нақты әрі құнды нәтижеге қол жеткізді.*

Мәтінде *нәтиже* сигнал сөзі өзінен алдыңғы сөйлемдерге және өзінен кейінгі сөйлемдерге сілтеме жасап, анафоралық және катафоралық байланыстар орнатады. Мысалы: *Сәл кейінірек теріс зарядталған бөлшектердің зарядың өлшеуге мүмкін болып, олардың массасы сутек атомынаның массасынан 1837 есе кіші екендігі табылды. Осындай*

нәтиже электрон ашылуының тура және сенімді дәлелі болып тұр.

Бұл әдіснамалық шарт төмендегідей **нәтижені** анықтауға көмектеседі. Таным мен дүниетаным шынымен де тығыз байланысты, бірақ бұл абстрактілі қатынас емес. Кез келген білім, ең соңында, дұрыс дүниетанымды (және одан әрі – шығармашылық дүниетанымды жүзеге асыру) қалыптастыру үшін қабылданады.

Бұл зерттеуде қазақ тіліндегі академиялық мәтіндерде жиі кездесетін сигнал сөздер, атап айтқанда *мәселе, идея, факт, себеп, нәтиже*, AntConc корпус бағдарламалық құралы арқылы талданды: аталған сигнал сөздердің жиілік сипаттамалары, коллокациялық тіркестері және дискурстық қызметтері анықталды. Зерттеудің нәтижелері бойынша мынадай қорытынды тұжырымдар жасауға болады. Академиялық дискурста сигнал зат есімдер – тек жиі қолданылатын лексемалар ғана емес, ақпаратты жинақтау, құрылымдау, мәтінді ұйымдастыру, авторлық ұстанымды таныту, аргументті ұйымдастыру сияқты жетекші қызмет атқарушы бірліктер бола алады. Алынған сигнал сөздердің коллокациялық үлгілері мен қолданылу жиіліктері олардың дискурстағы салмақты орны мен атқарар рөлін дәлелдейді. Мәтінде кездескен сигнал зат есімдердің лексикалық сигнал қызметін атқару жолдарын сипаттау – ғылыми дискурста олардың ақпарат құрылымын ұйымдастыру, мәтіннің логикалық тұтастығын сақтау және оқырман назарын маңызды бөлімдерге бағыттау рөлін түсіндіруге мүмкіндік береді. Талдауға алынған сигнал зат есімдердің академиялық дискурста атқаратын негізгі қызметтерін былайша топтастыруға болады:

Кесте 2. Сигнал зат есімдердің негізгі қызметтері

Сигнал сөз	Негізгі қызметі
Мәселе	Зерттеу өзектілігі мен зерттеу нысанын белгілеу
Идея	Авторлық тұжырым мен жаңалықты көрсету
Себеп	Себеп-салдарлық байланыс орнату
Нәтиже	Қорытынды ақпарат беру
Факт	Дәлел мен дәйектеме келтіру

Жалпы тіл білімінде жасалған зерттеулерде академиялық дискурстарда сигнал зат есімдердің есімдіктерден кейін келуі жиі кездескен. Біздің академиялық корпус деректерінде де сигнал зат есімдердің есімдіктерден, соның ішінде сілтеу есімдіктерінен кейін келуі жиі кездесті. *Бұл, осы, ол, оған, бұған* деген есімдіктер жиі қолданылған. Алынған мысалдар бойынша *бұл/осы + сигнал зат есім* үлгісінде әдетте анафоралық сигнал зат есімдер жиі қолданылған. Ал сигнал зат есімдердің катафоралық байланысы мәтінде кейін келетін ойды білдіріп, оқырман назарын алда хабарланатын ақпаратқа бағдарлайды.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу бойынша академиялық қазақ тіліндегі сигнал

зат есімдердің мәтін құрылымындағы маңызды лингвистикалық стратегия екені анықталды. Бұл сөздер тек лексикалық бірліктер ғана емес, ғылыми дискурсты ұйымдастырушы әрі мәтін ішіндегі логикалық байланыстарды жасаушы маңызды тілдік құралдар болып табылады. Сигнал сөздердің жиілік көрсеткіші олардың академиялық мәтіндердегі маңыздылығы мен ақпаратты ұйымдастырудағы рөлін көрсетті. Зерттеу нәтижелері қазақ академиялық мәтіндерінде сигнал зат есімдердің жоғары прагматикалық, құрылымдық және мағыналық жүктемеге ие екенін көрсетті. Бұл сөздердің жиілігі мен colloкациясы арқылы олардың дискурстық қызметі мен ақпаратты құрылымдаудағы үлесі нақты көрінді.

Сигнал зат есімдерді танудың қандай қажеттілігі бар деген сұраққа жауапты олардың қандай мәтіндердің қандай түрлерінде жұмсалған, соған байланысты анықтау керектігін айтамыз. Егер мәтіндер түрлерін корпусстарға қатыстырып алатын болсақ, жалпы корпусстар мен арнайы корпусстарда сигнал зат есімдердің қолданысында айырмашылықтар болуы мүмкін және мәтінді қандай мақсатта, яғни жалпы танымдық, білім беру, педагогикалық т.б. мақсаттарда, пайдалануға байланысты да өзгереді. Айталық, академиялық мәтіндердегі сигнал зат есімдерді танып білу белгілі бір академиялық ортада тілдерді үйрету мен оқытуда, яғни лингводидактикада педагогикалық мақсатта тиімді болмақ.

Қазақ тілді академиялық мәтіндерде сигнал зат есімдер ойды құрылымдауда, мазмұнды байланыстыруда және авторлық ұстанымды білдіруде маңызды қызмет атқарады. Олар мәтіннің когезиясын күшейтіп, ғылыми аргументті ұйымдастыруға ықпал етеді. Болашақта зерттеу аясын кеңейтіп, сигнал зат есімдердің қолданысын тек академиялық корпус аясында ғана емес, жалпы корпуспен де салыстырмалы түрде талдау маңызды болмақ. Сонымен қатар корпус көлемін ұлғайту және жанрлық тұрғыдан әртараптандыру арқылы сигнал сөздердің контекстік қызметін тереңірек анықтауға болады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (Грант №AP23488585 «Цифрлық гуманитарлық ғылымдар: Академиялық қазақ тілінің корпусын әзірлеу»).

ӘДЕБИЕТ

- [1] Halliday M.A.K., Hasan, R. Cohesion in English. – London: Routledge, 1976. – 392 p.
- [2] Winter E.O. A clause-relational approach to English texts: A study of some predictive lexical items in written discourse. – Instructional science. – 1977. – 6 (1). – P. 1-92.
- [3] Francis G. Anaphoric nouns (Discourse Analysis Monograph). – Birmingham: University of Birmingham, 1986. – 114 p.

[4] Tadros A. Prediction in text (Discourse Analysis Monograph). – Birmingham: ELR, 1985. – 158 p.

[5] Ivanic R. Nouns in search of a context // International Review of Applied Linguistics. – 1991. – 29 (2). – P. 93–114.

[6] Flowerdew, J., Forest, R.W. Signalling nouns in English: A corpus-based discourse approach. – Cambridge: Cambridge University Press, 2015. – 306 p.

[7] Кубрякова Е.С. Типы языковых значений. Семантика производного слова. – Москва: Наука, 1981. – 200 с.

[8] Flowerdew J. Signalling nouns in discourse // English for Specific Purposes. – 2003. – 22 (4). – P. 329–346.

[9] Flowerdew J. Use of signalling nouns in a learner corpus // International Journal of Corpus Linguistics. – 2006. – 11 (3). – P. 345–362.

REFERENCES

[1] Halliday M.A.K., Hasan, R. Cohesion in English. – London: Routledge, 1976. – 392 p.

[2] Winter E.O. A clause-relational approach to English texts: A study of some predictive lexical items in written discourse. – Instructional science. – 1977. – 6 (1). – P. 1–92.

[3] Francis G. Anaphoric nouns (Discourse Analysis Monograph). – Birmingham: University of Birmingham, 1986. – 114 p.

[4] Tadros A. Prediction in text (Discourse Analysis Monograph). – Birmingham: ELR, 1985. – 158 p.

[5] Ivanic R. Nouns in search of a context // International Review of Applied Linguistics. – 1991. – 29 (2). – P. 93–114.

[6] Flowerdew, J., Forest, R.W. Signalling nouns in English: A corpus-based discourse approach. – Cambridge: Cambridge University Press, 2015. – 306 p.

[7] Kubriakova E.S. Tipy iazykovykh znachenii. Semantika proizvodnogo slova [Types of linguistic meanings. Semantics of a derivative word]. – Moskva: Nauka, 1981. – 200 s. [in Rus].

[8] Flowerdew J. Signalling nouns in discourse // English for Specific Purposes. – 2003. – 22 (4). – P. 329–346.

[9] Flowerdew J. Use of signalling nouns in a learner corpus // International Journal of Corpus Linguistics. – 2006. – 11 (3). – P. 345–362.

СИГНАЛЬНЫЕ СУЩЕСТВИТЕЛЬНЫЕ: ИССЛЕДОВАНИЕ НА ОСНОВЕ КОРПУСА АКАДЕМИЧЕСКОГО КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

*Сапсеке Г.А.¹

*¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Астана, Казахстан

Аннотация. В статье рассматриваются сигнальные слова, в том числе сигнальные существительные. Другие классы слов выполняют функцию сигнала, хотя в академическом дискурсе в этой функции чаще используются

существительные. Поэтому в качестве объекта исследования были выбраны сигнальные существительные.

Целью исследования является выявление сигнальных существительных, встречающихся в казахском академическом дискурсе, и выявление их функциональных особенностей путем определения их частотности употребления и коллокации. Сигнальные слова, в том числе сигнальные существительные, не было изучено в казахской лингвистике. Важность этого исследования заключается в том, что это первое исследование данного явления на основе корпуса, сформированного из письменных академических текстов на казахском языке.

Исследование проводилось с использованием корпусного метода исследования. Данный метод оказался эффективным при определении частотности употребления и коллокации сигнальных существительных, а также при проведении их количественного и качественного анализа. В исследовании использовалось программное обеспечение AntConc.

Исследование показало, что сигнальные существительные играют важную роль в формировании логических связей и структурного единства внутри текста. На основе академического корпуса анализировались частота встречаемости, семантические и функциональные особенности сигнальных существительных и их функции в организации академического дискурса. В ходе исследования были выявлены коллокации сигнальных существительных и проиллюстрированы примерами текстов, взятых из корпуса. Результаты исследования показали, что сигнальные существительные являются важным лексическим средством в создании семантической целостности между предложениями и когезии в академическом дискурсе.

Теоретическая значимость исследования заключается в том, что оно является эмпирическим исследованием на основе корпуса. Это важно для выявления функциональных особенностей языковых элементов на материале реального естественного языка. Теоретические и практические результаты исследования могут быть использованы при изучении академического дискурса, в преподавании и изучении академического языка.

Ключевые слова: сигнальные слова, сигнальные существительные, частотность, коллокация, академический корпус, академический дискурс, когезия, корпусная лингвистика

SIGNAL NOUNS: A STUDY BASED ON THE CORPUS OF ACADEMIC KAZAKH LANGUAGE

*Sarseke G.A.¹

*¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Abstract. The article considers signal words, including signal nouns. Other word classes perform the function of signaling, although nouns are more often used in this function in academic discourse. Therefore, signal nouns were chosen as the object of study.

The purpose of the study is to identify signal nouns found in Kazakh academic discourse and to reveal their functional features by determining their

frequency of use and collocations. Signal words, including signal nouns, have not been studied in Kazakh linguistics. The importance of our study lies in the fact that it is the first study of this phenomenon based on a corpus created from written academic texts in the Kazakh language.

The study is conducted using the corpus-based research method. This method is effective in determining the frequency of use and collocations of signal nouns, as well as in conducting quantitative and qualitative analyses of them. The AntConc corpus software is used in the study.

The study revealed that signal nouns play an important role in forming logical connections and structural unity within the text. The frequency of occurrence, semantic and functional features of signal nouns and their functions in organizing academic discourse were analyzed on the basis of the academic corpus. The study identified collocations of signal nouns and illustrated them with examples of texts taken from the corpus. The results of the study proved that signal nouns are an important lexical tool in creating semantic integrity between sentences and cohesion in academic discourse.

The theoretical significance of the study lies in the fact that it is an empirical study based on the corpus. This is important in revealing the functional features of language elements based on the materials of natural use of language. The theoretical and practical results of the study can be used in the study of academic discourse, in teaching and learning academic language.

Keywords: signal words, signal nouns, frequency, collocation, academic corpus, academic discourse, cohesion, corpus linguistics

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 10.07.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.12.2025.

Автор туралы мәлімет:

Сәрсекке Гүлнәр Әдебиетқызы – филология (PhD) ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-1670-5131>, e-mail: sarseke_ga@enu.kz.

Информация об авторе:

Сәрсекке Гүлнәр Адебиетқызы – кандидат (PhD) филологических наук, доцент, ассоциированный профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-1670-5131>, e-mail: sarseke_ga@enu.kz.

Information about the author:

Gulnar Adebietkyzy Sarseke – Candidate (PhD) of Philological Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-1670-5131>, e-mail: sarseke_ga@enu.kz.